

БАЛА ТЕХНОЛОГТАРДЫҢ АРМАНЫ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ЫСЫРАП СУ ЖЫЛАП АҒАДЫ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕЛОРДАЛЫҚ БОКСШЫЛАР ЕРЛЕДІ

8-БЕТ | СПОРТ

Бүгін, 10 ақпан күні, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтеді. Жиында еліміздің 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, Үкіметтің алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері айқындалады.

№16
(4914)
Сейсенбі
10 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МҰЗБАЛАҚ АҚЫННЫҢ МЕРЕЙІ

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толды. Лирик ақынның мерейлі жасына орай елордамызда әдеби-көркем тағылымды іс-шаралар өтті.

Астана қаласындағы М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияда ұйымдастырылған «Поэзия – әлеуметтік-эмоциялық оқытудың құралы» атты республикалық әдістемелік семинардың аясында ақиық ақынның шығармаларындағы адамгершілік құндылықтарды оқу үдерісіне енгізу жолдары ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерделенді.

8

ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ БАҒДАРЫ

Көлік министрлігі Астана-Талдықорған бағыты бойынша жаңа теміржол қатынасының іске қосылатынын хабарлады.

Бұл жоба Жетісу облысының көлік қолжетімділігін арттыруға, жолаушылар ағынының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ елорда мен өңірлер арасында жайлы, қауіпсіз әрі тұрақты теміржол қатынасын жолға қоюға бағытталған. Алғашқы кезеңде ұлттық тасымалдаушы екі жолаушылар вагонын бөлді. Олар күнара жүріп, №122/121 «Нұрлы жол-Семей» пойызының құрамында қатынайды.



ГАЗҒА ҚОСЫЛУ ҚАРҚЫНДЫ

Астанада газдандыру жұмысы жүйелі жоспармен қарқынды жүргізілуде. Елорданың тұрғын алаптары мен энергия нысандары кезең-кезеңмен көгілдір отынға қосылып жатыр. Бүгінгі таңда қаладағы бірінші және екінші жылу-электр орталықтарындағы 16 қазандық газға көшірілген.



ЕКІНШІ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ


Бас қалада жеңіл рельсті көлік жобасын іске асырудың келесі кезеңі басталды. Ш.Айтматов көшесінде LRT желісінің екінші кезегін салу аясында дайындық жұмысы қолға алынды.

«City Transportation Systems» компаниясының мәліметінше, қазіргі уақытта аталған учаскеде инженерлік-геологиялық зерттеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Ведомство өкілдері бұл деректер қажетті техникалық шешімдерді анықтауға және болашақ LRT желісін жобалауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұған дейін елордада LRT станцияларына бағыттайтын навигация көрсеткіштері орнатылған еді. Астанада 29 қыркүйектен бастап жеңіл рельсті көлік жүйелері сынақтан өтіп жатыр. Жабдықтар мен инфрақұрылымға жүргізілетін кешенді сынақ кемінде 6 айға созылады.

ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ӨНІМІ АРЗАНЫРАҚ

Үкіметтің тапсырмасына сәйкес, азық-түліктің бағасын қолжетімді ету мақсатында ел өңірлерінде ұйымдастырылып жатқан ауыл шаруашылығы жәрмеңкелеріне Тұрақтандыру қорларының өнімдері шыға бастады.

Демалыс күндері Астана қаласында өткен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне жергілікті фермерлер ғана емес, Ақмола, Абай, Павлодар және Қарағанды облыстарынан келген тауар өндірушілер де қатысты. Елордадағы жәрмеңкеде әсіресе сиыр етіне сұраныс жоғары. Ет өнімдерінен сиыр еті 3300-3500 тг/кг, жылқы еті 3000-3300 тг/кг, қой еті 3500 тг/кг ұсынылған. Сондай-ақ жәрмеңкеде Тұрақтандыру қорынан шамамен 60 тонна бакалея өнімі, 50 тонна көкөніс өнімі, 50 тонна ет өнімі, сондай-ақ көкөністер мен жемістер, ет, ұн және сүт өнімдері, табиғи шырындар, тосаптар, джемдер және басқа да өнімдер нарықтағы бағадан төмен саудаланды. Астанадағы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі әр сенбі және жексенбі күндері сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін «Keryen joly» СОО аумағында, Алаш тасжолы, 35Б мекенжайы бойынша өтеді.



№16 (4914) 10/02/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



БАНК БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті Цзоу Цзяиді қабылдады. Кездесуде Президент Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі еліміздің маңызды стратегиялық серіктесі саналатынын атап өтті.

Қаржы институты Қазақстанда басымдыққа ие инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысады. Президент қол қойылған Серіктестік туралы негіздемелік келісімді құптады. Аталған құжаттың орнықты экономикалық дамуды ілгерілету мен өңірлік ынтымақтастықты нығайтуда мәні зор. Қасым-Жомарт Тоқаев Цзоу Цзяиді жуырда Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті болып тағайындалуымен құттықтады.

«Сіздің осы лауазымдағы сапарыңызды Қазақстаннан бастағаныңызды жоғары бағалаймыз. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретін жақсы нышан деп санаймыз. Банкпен бірге жалпы сомасы 2,6 миллиард доллардан асатын 9 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі өзара ықпалдастығымыз бен байланысымызды жандандыра түсетініне сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.



БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевты қабылдады. Президентке ведомство қызметінің биылғы басым бағыттары жөнінде баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықты жұмыспен қамту жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Уақытша шаралардан гөрі тұрақты және сапалы жұмыс орындарын ашу, еңбек ұтқырлығын арттыру және білім беру жүйесі мен нарық сұранысы арасында тығыз байланыс орнату жоспарланып отыр. Жастарды, соның ішінде NEET санатындағы азаматтарды жұмыспен қамтуға баса мән беріледі.

Мемлекет басшысына атаулы әлеуметтік көмек жүйесін одан әрі жетілдіру жоспары таныстырылды. Министрлік цифрлық бағалау құралдары арқылы қолдау шараларының нақты адресіне жету мүмкіндігін кеңейтуге ниетті. Сонымен қатар көмек алатын әрі еңбекке жарамды азаматтарды міндетті түрде жұмыспен қамти отырып, әлеуметтік келісімшарт тәжірибесін кеңейтуді көздеп отыр.

Президентке зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету және зейнетақы төлемдерінің лайықты деңгейін сақтау жөнінде айтылды. Мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселелеріне баса назар аударылды. Министрлік арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына қарай қаржыландыру тетігін одан әрі дамытуды, олардың сапа стандарттарын арттыруды, оңалту қызметтері мен техникалық құралдарды қолжетімді етуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар инклюзивті жұмыс орындарын ашуға ден қояды.

Министр Көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары жайында ақпарат берді. Көші-қон үдерісін басқару және болжау деңгейін жақсарту, ішкі миграцияны теңгерімді жүргізу, елдегі еңбек нарығын қорғауға басымдық бере отырып, еңбек көші-қонын реттеуді жетілдіру көзделген.

Мемлекет басшысы халықты жұмыспен қамту, азаматтардың табысын ұлғайту, әлеуметтік қолдаудың шын мұқтаж жандарға жетуін бақылауды күшейту, зейнетақы жүйесін жетілдіру, теңгерімді көші-қон саясатын іске асыру, әлеуметтік қорғауда инклюзивті тәсілдерді дамыту, сондай-ақ цифрлық шешімдерді қолдану арқылы еңбекті қорғау жүйесін нығайту және қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша бірқатар тапсырма берді.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ АУҚЫМЫ АРТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Sunwah Group корпорациясының төрағасы, Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Тұрақты комитет мүшесі, Гонконгтағы Қытай бас сауда палатасының төрағасы Цай Гуаньшэньмен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Қытай Халық Республикасымен арадағы мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті белсенді түрде дамытуға айрықша маңыз артатынын атап өтті. Осы орайда Президент 2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет Астанада ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы табысты іске асырылып жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің сауда-экономикалық байланыстарының қарқынына жоғары баға беріп, бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын, тауар айналымы жыл сайын рекордтық межені бағындырып отырғанын айтты.

Әңгімелесу барысында инвестициялық ықпалдастыққа баса мән берілді. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан шетелден инвестиция тартуға жағдай жасап, бірлескен стратегиялық жобаларға жан-жақты қолдау көрсетеді.

Президент әлем жасанды интеллектінің белсенді даму кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Бұл бағытта Қытай көш бастап тұр. Мемлекет басшысы Қытай тарапымен аталған салада ынтымақтастықты дамытуға ниет білдірді.

Цай Гуаньшэнь қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Ол Қазақстанның, ең алдымен, қаржы секторындағы инвесторлар үшін тартымды әрі сенімді инвестициялық юрисдикциясын жоғары бағалады. Корпорация басшысының айтуынша, бұған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Төраға Си Цзиньпин тарапынан көрсетілген жүйелі қолдау оң септігін тигізіп отыр.



Кездесу барысында қаржы, энергетика, цифрландыру, медицина, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларындағы ықпалдастықтың перспективті бағыттары қарастырылды.

ҮКІМЕТ

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Салық кодексін енгізу жөніндегі жобалық кеңсенің төртінші отырысында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастырған ұйымдардың өтініші қаралды. Көтерілген мәселе – жаңа Салық кодексіндегі өзгерістерге байланысты осындай қызметкерлерге салық салу тәртібі.

Парламенттегі салық реформасын талқылау барысында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыратын барлық ұйымдағы тең жағдайды қамтамасыз ету тәсілі өзгертілді. Атап айтқанда, депутаттардың ұсынысы бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша салық жеңілдігін қолдану мақсатында 2026 жылдан бастап мүгедектігі бар қызметкерлерге еңбекақы төлеу қорының 51% бірыңғай үлесі қолданылады. Яғни есту, сөйлеу, көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдар жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда бұрын қолданылған 35%-дық үлес нормасы өзгерді. Қабылданған норма салық төлеушілерге ішінара таңдау тәсілін жойып, жұмыс берушінің ұйымдық-құқықтық нысанға қарамастан, мүгедек адамды жұмыспен қамту мүмкіндігін арттырады. Бұл ретте мүгедектігі бар қызметкерлердің өздері үшін жеке табыс салығы бойынша жеңілдік толықтай сақталады. Норманың негізгі мақсаты – жұмыс берушіні жұмыс орнын құруға және сақтауға ынталандыру. Сонымен қатар алғаш рет Салық кодексіне мүгедектік тобына байланысты ЖТС бойынша әлеуметтік салық шегерімін саралау нормасы енгізілді. Егер бұрын жұмыс істейтін мүгедектігі бар адам үшін шегерімнің жалпы шегі 882 АЕК болса, жаңа түзетуде бұл шама үшінші топтағы мүгедектік үшін сақталған. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар қызметкер үшін шегерім мөлшері 5000 АЕК-ке дейін ұлғайды. Сонымен бірге мемлекеттік органдарға осы норманы қолдану бойынша өтініштер түсе бастаған. Атап айтқанда, егер күнтізбелік жыл ішінде қызметкердің денсаулық жағдайы нашарласа, үшінші топтағы мүгедектік бірінші немесе екінші болып өзгерсе немесе мүгедектік тобы төмендеген жағдайда, бір жылға ЖТС есептеу тәртібі мәселесі туындайды. Салық кодексінің 404-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуметтік салық шегерімі үшін негіздеме туындаған немесе бұрын болған күнтізбелік жыл қолданылады. Осы мәселенің әлеуметтік маңызын ескере отырып, жобалау кеңсесінің отырысында мүгедектік тобы бірінші немесе екіншіден үшіншіге немесе керісінше өзгерген жағдайда, бүкіл күнтізбелік жыл үшін 5000 АЕК мөлшерінде әлеуметтік салық шегерімін қолдану туралы шешім қабылданды. Қабылданған шешім жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдардың кірісін қосымша қорғауға, салық жүктемесін азайтуға және әділетті тәсілді қолдануға бағытталған.

Ең жиі көтерілетін мәселенің бірі – салық төлеушінің дербес шотында артық төлем болған жағдайда, ҚҚС төлегеннен кейін, резидентке электрондық шот-фактура жазып беру рәсімі мен мерзімі туралы. Бұл мәселе бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті жақын арада өзінің ақпараттық ресурсында ресми түсініктеме беруді жоспарлап отыр.

№16 (4914) 10/02/2026 Сейсенбі



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының депутаты:

БАЙЫПТЫ АРНАҒА ТҮСУДЕ

– Конституция жобасы жарияланған сәттен бастап қоғамда қызу пікірталас басталды. Әлеуметтік желілерде түрлі баға беріліп, кейде асығыс тұжырымдар да айтылды. Бұл тосын құбылыс емес. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, кез келген конституциялық реформа алдымен эмоциялық реакция тудырады, кейін барып мазмұнды талқылауға ұласады. Бүгін біз дәл осы екінші кезеңге қадам басып отырмыз.

Конституция жай ғана құқықтық құжат емес. Ол – мемлекеттің болмысын, қоғамның құндылықтарын, билік пен азамат арасындағы тепе-теңдікті айқындайтын негізгі келісім. Сондықтан оның әрбір нормасы қоғам назарында болуы заңды. Бастапқыда түрлі алаңдаушылық пен күмәнің туындауы түсінікті. Бірақ уақыт өте келе пікірталас эмоциядан арылып, кәсіби арнаға түседі. Бұл – кез келген демократиялық қоғамның табиғи эволюциясы.

Әлемдік тәжірибе нені көрсетеді? Францияда 2008 жылғы конституциялық реформа алғаш жарияланған кезде қоғамда қызу пікірталас өрбіді. Алайда парламенттік тыңдаулар мен ашық түсіндіру жұмыстары нәтижесінде талқылау біртіндеп құқықтық арнаға ауысып, реформа орнықты түрде қабылданды. Норвегияда 2014 жылғы түзетулер де алғашқыда сақтықпен қабылданғанмен, кең қоғамдық түсіндіру жұмыстары олардың мазмұнын айқындап, сенімді нығайтты. Басқа да елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ашық диалог пен жүйелі түсіндіру конституциялық өзгерістердің легитимділігін күшейтеді.

Бүгінгі жағдайда маңызды бір жайт анық көрініп отыр: мемлекет үнсіз қалған жоқ. Конституциялық комиссия мүшелері қоғам алдында пікір білдіріп, журналистердің сұрақтарына жауап беріп, күрделі нормаларды түсіндіруде. Бұл – дұрыс әрі қажетті қадам. Мұндай ашықтық түрлі алып-қашпа әңгімелердің алдын алып, мәтінінің нақты мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Себебі кез келген конституциялық құжат күрделі құқықтық тілде жазылады, оны жеңіл ұрандарға айналдыру оңай. Ал нақты түсіндіру ғана қоғамды шынайы мазмұнмен таныстырады.

Қоғамдық сын – демократиялық процестің ажырамас бөлігі. Бірақ ол нақты мәтінге, нақты баптарға сүйенгенде ғана пайдалы болады. Егер талқылау қауесетке немесе бұрмаланған ақпаратқа негізделсе, онда қоғам Конституцияның өзін емес, оның көлеңкесін талқылап кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда пікірталас пайдасынан гөрі күмәнді күшейтеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, конституциялық реформаның сапасы сынның деңгейіне байланысты. Неғұрлым кәсіби, нақты әрі мазмұнды пікірталас болса, соғұрлым негізгі заңның сапасы да жоғары болады.

Бүгінгі таңда қоғамдағы пікірталас біртіндеп байыпты арнаға түсіп келеді. Азаматтар жобаның нақты нормаларын қарап, салыстырып, сұрақ қойып жатыр. Бұл – жетілген қоғамдық талқылаудың белгісі.

Конституцияны талқылау тек саясаткерлердің немесе заңгерлердің ғана ісі емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейде жаңа Конституция жобасын талқылаған жиын өтті. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев пен елордалық бірқатар мектеп директорлары қатысты.



Мұрат Әбенов бұрынғы Конституцияда мемлекеттің құқығын қорғауға басымдық берілсе, енді жаңа Ата заң жобасында адам құқығы басты бағытқа айналып отырғанын атап өтті.

– Мен Ұлттық құрылтайдың мүшесі ретінде Конституцияның жаңа жабасында ғылыми жұмыстарға, шығармашылық, инновациялық еркіндікке мемлекет тарапынан кепілдік берілуі керек деген ұсыныс айттым. Мысалы, «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектептер зертханалармен және басқа да заманауи құралдармен жабдықталған. Соның нәтижесінде ауылдың балалары да робототехникадан шетелдерге барып, халықаралық конкурстардан жүлделі орындарға ие болып жүр, – деді Мұрат Әбенов.

Мәжіліс депутаты кейбір жекеменшік мектептің заңға қайшы олқы тұстарын сынға алды. Өз кезегінде Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс жүргізетін кейбір жекеменшік мектептің талапқа сай емес екенін атап өтті. Бұрын жекеменшік мектептердің қалалық Білім басқармасының құзырына қарамағанын айтты. Жиын барысында мектеп директорлары спикерлерге сұрақтарын қойып, ұсыныс-тілектерін жеткізді.

АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасында аталмыш басқарма басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандықтың төрағалығымен ҚР жаңа Конституциясы жобасының негізгі ережелеріне арналған ақпараттық-түсіндіру жиыны өтті.

Ол өз сөзінде Негізгі заңның жаңа редакциясында көзделген негізгі өзгерістерге тоқталып, олардың цифрлық орта мен мемлекеттік қызметтер жүйесін дамытудағы маңызын атап өтті. Кеңес барысында Конституция жобасында алғаш рет азаматтардың цифрлық құқықтары конституциялық деңгейде бекітіліп отырғанына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, бұл – жеке деректерді қорғау, қауіпсіз цифрлық кеңістікке құқықты қамтамасыз ету, цифрлық сервистерге деген сенімді арттыру мәселелері. Сонымен қатар электрондық үкімет пен цифрлық мемлекеттік қызметтер мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың орнықты әрі негізгі стандарты ретінде айқындалатыны белгілі. Талқылау барысында цифрландырудың адами капиталды дамытудағы, білім беру, ғылым, инновациялар және цифрлық сауаттылықты арттырудағы рөлі қозғалды. Қорытындысында қатысушылар аталған қағидаттарды күнделікті қызметте іске асырудың маңызын, оның ішінде көрсетілетін сервистердің сапасын арттыру, цифрлық платформалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтармен өзара іс-қимылдағы жауапкершілікті күшейту тұрғысынан атап өтілді.

ВОЛОНТЕРЛЕР ТАЛҚЫЛАУ ӨТКІЗДІ



Елордада «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігі жаңа Конституция жобасын талқылау және қолдау тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Онда волонтерлік сектордың жаңа Конституцияны талқылауға қатысуы, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың халықты ақпараттандырудағы және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдағы рөлі талқыланды.

– Қазір бүкіл ел жаңа Конституцияның жобасын талқылап жатыр. Өйткені жаңартылған жобаны қабылдаудың үлкен жауапкершілігі бар. Бүгінде, міне, волонтерлік сала мүшелері де осы тақырыпқа бейжай қарамай, ондағы нормалардың ерекшелегін дөңгелек үстел басында ортаға салды. Волонтерлік бағыт бойынша айтар болсам, Конституцияның 31-бабының 2-тармағына өзгеріс енгізгелі жатыр. Яғни бұл жерге қайырымдылықпен бірге волонтерлік қызметті енгізуге ұсыныс беріліп отыр. 2020 жылдан бастап алып қарасақ, елімізде волонтерлік бағыт кеңінен дамып келеді. Ал биыл Мемлекет басшысының бірден-бір ұсынысымен Халықаралық волонтерлер жылы болып жарияланды. Бұған бүкіл әлем қолдау білдіріп жатыр. Еліміз волонтерлік қызметті әлем деңгейінде үлгі көрсете алатындай болғандықтан, мемлекетіміздің ең үлкен заңнамасына да осы бағыттың енгені – біз үшін зор жауапкершілік, – деді «Ұлттық волонтерлер» фронт-офисінің жетекшісі Айбек Досымбетов.

Іс-шарада Мәжіліс депутаты, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ жетекшісі Вера Ким, Конституциялық реформа комиссиясының мүшесі, ассамблея жастар ұйымының төрағасы Тимур Жұмырбаев жобадағы нормалар туралы жан-жақты түсіндірді. Сондай-ақ өзге де спикерлер жаңа жобаның ерекшеліктеріне тоқталды.

– Конституция жобасымен танысқан болсаңыздар, бастапқы жолдардың өзі бұрынғымен салыстырғанда ерекшеленіп тұр. «Біртұтас Қазақстан халқы» деп өте мағыналы басталады. Алдыңғы жолдардың осылайша басталуы жастарға еліміздің біртұтастығын сақтау ең маңызды орында екенін идеология жағынан ашып көрсетіп тұрғаны қуантады. Ал медициналық қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде айтарым, аталған жобада адам өмірі мен денсаулығы мемлекеттік саясаттың өзегі делінген. Әсіресе біз үшін жобадағы 30, 32-баптар маңызды. 30-бапта неке мен отбасы, ана мен әке, баланың мемлекеттің қорғауында екені нақты белгіленіп отыр. Денсаулық сақтау жүйесі үшін бұл үлкен нәтиже. Себебі бұл – отбасы институын нығайту арқылы қоғамдық денсаулықты сақтау тетігін күшейту деген сөз. Яғни ана мен бала денсаулығын қорғау, перинаталдық көмек, балалар ауруларының алдын алу, медицина саласының стратегиялық бағыттары Конституция деңгейінде бекітілуі – оларды іске асыруға берік негіз, – деді «Қазақстан медицина жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абылайхан Әбдіраш.

Қатысушылар сұрақтар қойып, ұсыныстарын білдіріп, азаматтық қоғамның жаңа Конституцияның жобасы жөніндегі өз көзқарасын ашық микрофон форматында бөлісті.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ҚАҒИДАТТАРЫ АЙТЫЛДЫ



Астана қаласының архиві «Зайырлы мемлекет және неке институты: конституциялық-құқықтық көзқарас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға архив қызметкерлері, заңгерлер және құқық саласының мамандары қатысып, Қазақстандағы зайырлы мемлекет қағидаттары аясында неке институтының құқықтық негіздерін талқылады.

– Зайырлы мемлекет жағдайында неке институты, діни қағидалардан бөлек, Конституция мен заңдар арқылы реттеледі және барлық азаматтың тең құқығын қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл көзқарас некені жеке сенім мәселесінен гөрі қоғамдық-құқықтық институт ретінде қарастырып, адам құқықтары мен зайырлылық қағидаттарын сақтауға негіз болады, – деді Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі Әлімжан Жұбатқанов.

Жиын барысында «Конституция – тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты бейнеролик көрсетілді. Дөңгелек үстелге қатысқан архив қызметкерлері маманға сауал жолдап, жауап алып тарқасты.

№16 (4914) 10/02/2026 Сейсенбі

ГАЗҒА ҚОСЫЛУ ҚАРҚЫНДЫ



Қазіргі уақытта Қазақстандағы ең ірі №3 автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы жүріп жатыр. Жаңа станция құрылыс қарқыны мен энергия тұтыну мөлшері артқан жағдайда қала мен агломерацияны тұрақты газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі ресми парақшасында мәлімдеді.

Шahap басшысының айтуынша, станцияның өткізу қабілеті сағатына 350 мың текше метр газды құрайды. Аршалы ауданынан (Ижевск ауылы) Астананың Оңтүстік-батыс айналма жолына дейінгі ұзындығы 67,6 шақырым болатын магистралдық газ құбырлары салынды. Қазіргі уақытта газ құбырын сынау жұмысы жүріп жатыр. Осыған дейін Астананы толық қамтыған «газ сақинасын» салу жөнінде ауқымды жоба жүзеге асырылды, соның арқасында қала толықтай айналдыра қамтылды. Бұл энергетикалық қауіпсіздікті, газбен жабдықтау сенімділігін және тұрақты гидравликалық режимді қамтамасыз етеді. Станцияны пайдалануға беру 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымы басталғанға дейін жоспарланып отыр.

«Жуырда Шұбар елді мекені газға қосылды. Осы жұмыс аясында 7,5 км орташа қысымды газ құбыры, сондай-ақ 31,3 км төмен қысымды ішкі тарату желілері салынды. Нәтижесінде елді мекендегі 890 тұрғын үй газға қосылды. Осыған дейін барлығы 950 км газбен жабдықтау желісі салынды. Қазіргі уақытта тұтынушыларды табиғи газбен қамту Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық, Теміржолшылар, Промышленный, Оңтүстік-шығыстың оң жағы, Оңтүстік-шығыстың сол жағы, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный, Family Village, Vela Village, Үркер, Тельман, Кирпичный елді мекендерінде, сондай-ақ Ақбидай, Қазақауыл шағын аудандарында және қаланың ескі бөлігіндегі Г.Потанин көшесінде жүргізілген. Газға 13,8 мыңнан астам абонент қосылған» дейді Жеңіс Қасымбек.

Сонымен қатар 1-ЖЭО және 2-ЖЭО-да 16 қазандық газға көшірілді. «Тұран» және «Оңтүстік-шығыс» газ жылу станциялары салынып, олардың жалпы қуаты 950 Гкал/сағ-қа жетті. Қазіргі уақытта қуаты 620 Гкал/сағ-ты құрайтын «Тельман» газ жылу станциясының құрылысы жүріп жатыр.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛ

Елордада «Бірлігі жарасқан Қазақстан» достық фестивалі өтті. Достық үйіндегі шараға астаналық этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары қатысты.



Фестиваль этномәдени бірлестіктер мүшелерінің шығармашылық бастамаларын қолдауға және дамытуға, орындаушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған. Өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік және патриоттық құндылықтарды қалыптастырып, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуды көздейді.

– Біздің қоғамдық бірлестікте 3 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. «Ладушка» орыс әндері ансамблі – тарихы терең, қалыптасқан ұжым. «Богатица» казак әндері ансамблі өткен жылы 7 жылдығын атап өтті, ал «Купава» вокалдық тобы тек былтыр ғана құрылды. Осы үш ұжым сахнада өнер көрсетті, – дейді фестивальге қатысқан «Астана қаласының орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Андрей Авдеев.

Фестиваль қорытындысы бойынша үздік шығармашылық ұжымдар мен орындаушылар естелік сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды.

ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елордалық «Білім-инновация» лицейінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында профилактикалық кездесу өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен түрлі тәуелділіктің алдын алу, заңға құрмет пен жеке жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.

Оқушылар үшін ерекше әсер қалдырған сәттің бірі – белгілі күш иесі Сергей Цырульниковпен өткен интерактивті бөлім. Балалар спортшымен бірге күшті қажет ететін эспандерді бір және екі қолымен қысып көріп, ал ең батылдары темір тағаны июге талпынды. Бұл эпизод спорттың тек физикалық емес, рухани тәртіпке де тәрбиелейтінін айқын көрсетті. Жиын барысында жасөспірімдер арасындағы тәуелділік мәселесіне ерекше назар аударылды. Қалалық психикалық денсаулық орталығының дәрігерлері кәсіби тәжірибелеріне сүйене отырып, соңғы уақытта 13-14 жастағы балалардың стационарлық емге түсу жағдайы жиілеп бара жатқанын айтты. Мамандар нашақорлық пен өзге де тәуелділіктерді «жаман мінез» емес, дер кезінде емдеуді қажет ететін дерт ретінде қарастыру керектігін атап өтіп, көмекке ерте жүгінудің маңызын түсіндірді. Жиынға қатысқан қонақтар қатарында Мерей Ақшалов, Рүстем Жантенов, Мұхит Амантаев, Әлібек Ермағамбетов, танымал блогер Нұргелді Кердеш болды. Олар өз өмір жолы арқылы спорттың, тәртіптің және салауатты құндылықтардың кез келген қауіпті әуестікке балама бола алатынын нақты мысалдармен көрсетті.

700-ден АСТАМ САРБАЗ ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСТІ

Астанадағы 5573 әскери бөлімінің 700-ден астам сарбазы алғаш рет жауынгерлік қызметке кірісті. Бұл туралы Ұлттық ұланның баспасөз қызметі хабарлады.

Ұландықтар қаланың барлық 6 ауданында кешкі сағат 17:00-ден түнгі 23:00-ге дейін қоғамдық тәртіпті бақылауда ұстайды. Қызметке кіріспес бұрын екі айлық жауынгерлік дайындықтан өтіп, әскери тәртіптің негіздерін меңгерді. Олар қалалық ортадағы қызметтің ерекшеліктерімен танысып, төтенше жағдайларда жылдам шешім қабылдауды үйренді. Сонымен қатар дайындық барысында тұрғындармен мәдени қарым-қатынас орнатуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық орындардағы тәртіпті бақылауға ерекше мән берілді.

Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті жаңа Салық кодексі аясында жаңартылған арнаулы салық режимі енгізілгенін хабарлайды.

САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Бұл режим оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейді. Арнаулы салық режимін қолданудың шарттары мынадай: табыс 600000 АЕК немесе 2595000000 теңгеден аспайды; режимді қолдануға тыйым салынған қызмет түрлерін жүзеге асырмайды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 қарашадағы №970 қаулысы); сондай-ақ әлеуметтік салық және қосылған құн салығы (ҚҚС) төлеушісі болып табылмайды.

Мәслихаттың 2025 жылғы 28 қарашағы №349/46-VIII шешімімен Астана қаласы бойынша салық ставкасы 3%-ды құрайды. Арнаулы салық режимін қолдануға басқа заңды тұлғалардың үлесі 25 пайыздан астам болатын заңды тұлғалар; құрылтайшысы немесе қатысушысы бір уақытта АСР қолданатын басқа заңды тұлғалар құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар; құрылтайшысы немесе қатысушысы АСР қолданатын заңды тұлғалар; арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын салық төлеушілер (жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер); коммерциялық емес ұйымдар; арнайы экономикалық және индустриалды аймақтардың, «Астана хаб» қатысушылары; бірлескен қызмет туралы келісімдер бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер құқылы емес.

Арнаулы салық режимі негізіндегі оңайлатылған декларацияны қолдану үшін салық кезеңі жарты жылды құрайды. Толығырақ ақпаратты 1414/3 нөміріне хабарласу арқылы немесе @astana_mkd_dgd_astana Instagram парақшасы бойынша ала аласыздар.

Қымбат ИСЕНОВА,
Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы – Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттарының бірі.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жүйелі түрде жетілдіріліп, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар енгізілуде. Осы бағыттағы жұмыстар аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен қоғам өкілдерімен кездесулер қалыпты түрде ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, 2025 жылдың 4 тоқсанының қорытындысы бойынша департамент 3000-нан астам адамды қамтыған 20-дан астам іс-шара өткізді.

Ағартушылық қызметпен қатар, ашықтықты қамтамасыз ету мен сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетудің негізгі құралдарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау.

Департамент түрлі саладағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторингті тұрақты негізде жүргізіп келеді. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында білім беру сапасын бақылау саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар сот-медицина сараптамасы саласында, елорда әкімдігінің коммуналдық ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу жоспарлануда. Аталған салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратқа ие азаматтар eOtinish сервисі немесе «Smart Astana» мобильді қосымшасы арқылы хабарлай алады.

Департамент сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі факторлардың бірі екенін атап өтіп, бұл бағытта қоғам тарапынан белсенді қолдау қажет екенін айқындайды.

«DOS Aktau» ЖШС БСН 220140007065 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Қорғалжын тасжолы 19Т, офис 199Б d.kalimov@bolatbek.kz. Байланыс телефоны: + 7 7172 25 12 19, +7 771 700 11 52.

«DOS Online» ЖШС БСН 211140003707 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Қорғалжын тасжолы 19Т, офис 199Б d.kalimov@bolatbek.kz. Байланыс телефоны: + 7 7172 25 12 19, +7 771 700 11 52.

«DOS Pravda» ЖШС БСН 220940009982 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Қорғалжын тасжолы 19Т, офис 199Б d.kalimov@bolatbek.kz. Байланыс телефоны: + 7 7172 25 12 19, +7 771 700 11 52.

БАЛА ТЕХНОЛОГТАРДЫҢ АРМАНЫ

Қазіргі таңда жаңартылатын энергия көздеріне деген сұраныс артып отырған шақта, тың идеялар тек ғалымдар мен инженерлерден ғана емес, мектеп оқушыларынан да шығып жатқаны қуантады. Соның бір дәлелі – небәрі сегіз және тоғыз жастағы Айлана Нұрлан мен Амина Тәңірбергеннің гидроэлектр станциясына негізделген жобасы. Жас өнертапқыштар қалдық заттарды пайдалана отырып, шағын гидрогенератордың макетін жасап шыққан.



Шапағат ӘБДІР

Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейінің 3 «ә» сынып оқушыларының айтуынша, бұл құрылғыны жасау үшін аса қымбат немесе күрделі материалдар қажет емес. Негізгі қажеттілік – су қоймасы мен генератор. Су жоғарыдан төмен қарай ағып, генераторды айналдырған кезде механикалық энергия электр энергиясына айналады. Ал пайдаланылған су қайтадан қоймаға жиналып, тұйық цикл түзіледі. Бұл – физикадағы энергияның сақталу заңына негізделген қарапайым, бірақ тиімді шешім.

Физикалық тұрғыдан алғанда, судың потенциалдық энергиясы кинетикалық энергияға, ал ол өз кезегінде генератор арқылы электр энергиясына түрленеді. Ал химиялық жағынан бұл үдерісте жану немесе зиянды реакциялар болмайды, яғни қоршаған ортаға ешқандай қалдық бөлінбейді. Осы себепті мұндай жоба жасыл технология талаптарына толық сай келеді.

СУДЫ ҮНЕМДЕЙДІ

Айлана мен Амина өз жобаларын түсіндіру барысында ойларын балалық шынайылықпен жеткізеді. Олардың айтуынша, генераторға тек өзен суын ғана емес, жауын суы мен еріген қар суын да жинап пайдалануға болады екен. Бұл бір жағынан су ресурстарын үнемдеуге, екінші жағынан, электр энергиясын экологиялық таза жолмен өндіруге мүмкіндік береді.

Жас өнертапқыштар бұл әзірге тек макет екенін, алайда болашақта жоба толық жүзеге асса, ел игілігіне жарайтын үлкен бастама болатынына сенімді. Бір қызығы, генераторды ойлап тапқан қыздардың бірі болашақта актриса, ал екіншісі биші болуды армандайды. Соған қарамастан, олар ғылым мен технологияға қызығушылық танытып, өз ойларын тәжірибе арқылы дәлелдеуге тырысуда. Бұл – баланың қабілеті бір ғана бағытпен шектелмейтінінің айқын көрінісі.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Оқушылардың жетекшісі Дина Жалғасқызы бұл жобаны тек бір реттік жұмыс емес, ұзақ жылдық еңбектің нәтижесі деп бағалайды. Ұстаздың айтуынша, Айлана мен Амина бірінші сыныптан бастап қалдық заттардан түрлі бұйымдар жасап үйреніп келеді. Бұл – балалардың қиялын дамытып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, кез келген затқа пайдалы көзқараспен қарауға тәрбиелейді.

«Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел тірегі. Егер біз балаларды ерте жастан экологиялық мәдениетке, үнемшілдікке және жаңашыл ойлауға үйретсек, болашақта олар ел игілігіне қызмет ететін жобаларды өздері-ақ жасайды» дейді Дина Жылқаманова.

АНАСЫНЫҢ АРМАНЫ

Айлана Нұрланның анасы Ақмарал Шамшимова қызының технологияға деген қызығушылығы кездейсоқ емес екенін айтады. Оның сөзінше, ол баласын кішкентайынан әлемдік өзгерістерге бейім, экологияны ойлайтын тұлға болып өсуін қалаған. Сондықтан жасыл технология, үнемдеу, табиғатты қорғау секілді ұғымдарды үй ішінде жиі айтып, қызының бастамаларына әрдайым қолдау көрсетіп отырған.

«Балаға сенім артсаң, ол өзіне сенуді үйренеді. Мен тек көмектестім, ал идея – өзінікі. Болашақта қызым технологиямен айналысып, әлемге пайдасын тигізсе, ана ретінде одан асқан бақыт жоқ» дейді ол.

Айналып келгенде, Айлана Нұрлан мен Амина Тәңірбергеннің бұл жобасы – балалық қиял мен дұрыс бағыттағы тәрбиенің нәтижесі. Өйткені қалдық заттардан жасалған қарапайым макет бүгінгі таңда тек оқу жұмысы болып көрінгенімен, ертең ел тағдырына әсер ететін ірі жобалардың бастауы болуы әбден мүмкін. Ең бастысы, бұл бастама болашаққа басылған қадам деп ұғуымызға болады. «Таза Қазақстан» дәл осындай техникалық жаңғырулар арқылы өз мәнін тіпті де құнттай түсетініне сенімдіміз.

ЕР-АЗАМАТ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Астана қаласындағы Шәкәрім атындағы №56 мектепте әкелер мен балалардың ашық диалогы өтті. Отбасындағы ұл баланың тәрбиесіне бейжай қарамайтын әкелер өзара әңгімеге белсене қатысты. Мектеп әкімшілігі кездесудің мәртебелі мейманы етіп – Ironman жарысының үш дүркін қатысушысы, Oceanman, белгілі марафоншы және «Өзгеріс» реалити-жобасының авторы Берік Адамды (Молдабаев) шақырыпты.



Ер-азамат бейнесі дағдарысқа ұшыраған біздің қоғамда «Нағыз ер-азамат қандай болуы керек?» деген сұрақ жиі қойылады. Біреулер оны материалдық байлықпен өлшесе, енді бірі физикалық күшке балап жүр. Алайда бұл кездесу азаматтық ұғымының әлдеқайда тереңде жатқанын көрсетті. Оның өмір жолы – жалаң ұран емес, нақты істің үлгісі. Әкелердің пайымдауынша, нағыз азаматтық – тек сыртқы келбет пен бұлшық етте емес, ішкі жан-дүниенің тазалығы пен салауатты өмір салтында. Гаджетке байланған ұрпақтың физикалық белсенділігінің төмендеуі – бүгінгі күннің өзекті проблемасы.

Ашық диалогта: «Денің сау болмаса, ел қорғап, отбасын асырау – бос сөз» деген де пікір айтылды. Бұл қағида әрбір жасөспірімнің санасына сіңірілуі тиіс. Сырқат, әлжуаз немесе зиянды әдетке тәуелді адам ешқашан жақындарына тірек бола алмайды. Берік Адамның мұхит айдыны мен марафон жолдарындағы төзімі жастарға нағыз күштің қайнар көзі – ерік-жігерде екенін ұғындырды.

Диалог барысында ер-азаматтың отбасындағы рөлі қызу талқыланды. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда «әке – тек отбасын асыраушы, қаржы табушы» деген жаңсақ түсінік тамыр жайып барады. Әйел затының иығына ауыр жүк артылып, ер-азаматтардың отбасылық шешімдер мен тәрбие үдерісінен шеттеуі – үлкен қателік. Ұл бала әкенің айтқан ақылынан емес, істеген ісінен тәрбие алады. Егер әкесі анасын құрметтемесе, ол ұлдан ертең қандай азамат шықпақ? Нағыз еркек – отбасының тек қаржылық қана емес, рухани қауіпсіздігіне жауапты тұлға. Ол – дауылды сәтте сабыр сақтап, дұрыс бағыт сілтейтін капитан.

Кездесуде батыл көтерілген мәселенің бірі – әлеуметтік жауапкершілік. Мұнда үлкен парадокс жатыр: біздің қоғамда «еркек жыламайды, сезімін білдірмейді» деген жаңсақ стереотип басым. Алайда нағыз намыс – өзінен әлсіздерге араша түсу, өзгелердің мұңын бөлісу. «Ер адам тек «алушы» емес, ол – «беруші» және «қамқоршы». Бүгінгі таңда «намыс» ұғымын білек күшімен немесе дөрекілікпен шатастыратындар көп. Бірақ кездесуде айтылғандай, намыс – бұл ішкі мәдениет пен сөзге адалдық. «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені»: бұл мақалдың өзектілігі ешқашан жойылмайды. Уәде бердің бе – орында, қателік жасадың ба – мойында. Жауапкершіліктен қашу – нағыз әлсіздіктің белгісі. Ең бастысы, ауқымды ойлау: жауапкершілік тек өз басыңды күйттеу емес, бұл – ата-ананың күтімі, жарыңның сенімі, баланың болашағы және Отаныңның тыныштығы.

Берік Адам секілді азаматтар мектеп табалдырығында ұлдармен жүздесуі – ұлттық тәрбиеге шынайы көңіл бөлудің бетбұрысы. Бізге қазір «темірдей» мықты тән ғана емес, «темірдей» берік мінез бен кең жүрек керек. Шәкәрім атындағы №56 мектептің бұл бастамасы – болашақ намысты ерлерді тәрбиелеудің нақты үлгісі болмақ. Ер-азамат болу – биологиялық мәртебе емес, бұл – күнделікті таңдау. Және сол таңдау әрқашан намыс пен жауапкершілік пайдасына жасалуы тиіс.

Назгүл БИКЕТОВА,
Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Бүгінде күнделікті өмірімізді жол мен көліксіз елестету мүмкін емес. Таңертеңгі жұмысқа бару, оқу орнына жету, жүк тасымалы, қоғамдық көлік қозғалысы – барлығы жол қозғалысымен тығыз байланысты. Сондықтан жолдағы тәртіп пен қауіпсіздік – тек жүргізушілерге ғана емес, бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.

ҰСТАНЫМЫ БӨЛЕК ҰСТАЗ

Шапағат ӘБДІР

Ашық ақпарат көздеріне сүйенсек, былтырғы жылдың алғашқы тоғыз айында елімізде 12 миллионнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелген. Осы уақыт аралығында 21 мыңнан аса мас күйінде көлік басқарған жүргізуші анықталып, 25 мыңнан астам азамат көлік жүргізу құқығынан айырылған. Сонымен қатар, 21 мың адам әкімшілік қамауға алынып, 401 мыңнан астам жаяу жүргіншіге айыппұл салынған.

Міне, осы көрсеткіштердің өзі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тек техникалық бақылау ғана емес, саналы, сауатты жүргізуші дайындаудың маңызы зор екенін аңғартады. Бұл ретте көлік жүргізушілерін оқытатын мамандардың еңбегі ерекше. Әсіресе, Жұмысшы мамандықтар жылы аясында осындай ұстаздардың қоғамдағы рөлі айқындала түсуде. Солардың бірі – Жармахан Бекмағанбетов. Астана қаласына қоныс аударғанына жиырма жылға жуықтаған бүгінде ол – «Құлагер» автомектебінде сабақ беретін тәжірибелі ұстаз. Жалпы еңбек өтілі 40 жылға жақындаған маман осы уақыт ішінде 10 мыңнан астам шәкірт тәрбиелеп, жолға жолдама берген. Негізі Жармахан Бекмағанбетовтің кәсіби жолы сан салалы. Негізгі мамандығы – инженер-механик. Сонымен қатар эколог, техник-механик және мұғалім мамандықтары бойынша да дипломы бар. Яғни, үш жоғары және бір техникалық білім иесі. Осы себепті ол әртүрлі салада еңбек етіп көрген. Әсіресе, зейнет жасына дейін газ саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған.

– Қай салада жұмыс істесем де, барлығы ұстаздықпен байланысты болды. Білім беру, тәжірибе үйрету – менің өмірлік бағытым, – дейді ол.

Көлік айдауды үйренушілерге арналған «Құлагер» автомектебінің елордада жиырмаға жуық филиалы бар. Жармахан аға сол филиалдарды аралап, әртүрлі уақытта сабақ береді. Бұл да – нағыз жұмысшы мамандық иесіне тән тынымсыз еңбек. Ұстаздың айтуынша, қазіргі жастардың жол ережесіне деген көзқарасы бұрынғыға қарағанда өзгерген. Көпшілігі заң аясында жүрудің маңызын түсіне бастаған. Дегенмен, Жармахан Бекмағанбетов сабақ барысында тек жол ережелерін үйретумен шектелмейді. Ол үшін ең бастысы – адамгершілік пен мәдениет.

– Қазір көшеде адамдар бір-біріне жол бермей, асығыстықпен кикілжіңге барып жатады. Ал шын мәнінде, бес минут кешігіп бару – біреудің көңілін қалдырғаннан әлдеқайда дұрыс. Мен оқушыларыма әрқашан сабыр сақтауды, бір-бірін сыйлауды үйретемін. Жолдағы мәдениет – адамның ішкі мәдениетінің көрінісі, – дейді ұстаз.



Оның айтуынша, жол – асығыстықты да, салғыртықты да кешірмейді. Сондықтан әрдайым ережеге сай жүру қажет. Әрине, кейде өзің тәртіп сақтасаң да, қарсы тараптың қателігі салдарынан түрлі жағдайлар туындауы мүмкін. Мұндайда заң аясында әрекет етіп, сабыр сақтау маңызды.

– Қазіргі таңда жалпы оқу мерзімі – бір ай. Осы уақыт ішінде болашақ жүргізушілер жол белгілерін, бағдаршам талаптарын, негізгі ережелерді терең меңгеріп шығады. Жалпы рөлде отырған адам сабырлы болып, өз өміріне ғана емес, өзгенің өміріне де жауапкершілікпен қараса, жол да қауіпсіз болар еді, – дейді Жармахан Бекмағанбетов.

№16 (4914) 10/02/2026 Сейсенбі

ЫСЫРАП СУ ЖЫЛАП АҒАДЫ



«Су – тіршіліктің көзі», «тіршіліктің нәрі» деген халқымыз «судың да сұрауы бар» деп су үнемдеп пайдалануға айрықша мән берген. «Суға симе», «Өзен жағасына кір жума» деп судың тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Бұл тыйым сөздер – жай ғана ырым емес, ғасырлар бойы қалыптасқан экологиялық мәдениеттің көрінісі. Ата-бабамыз суды тек күнделікті қажет үшін емес, болашақ ұрпаққа аманат деп қараған. Қазақ ұғымында су көзін ластау, суды ысырап ету үлкен әдепсіз әдеттің бірі ретінде бағаланған.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Алайда уақыт өткен сайын бұл таным көмескіленіп бара жатқандай. Бүгінгі қоғамда суға деген көзқарас тұтынушылық сипатқа ауысты. Яғни судың «құнын» төлеген ақшамызбен ғана мөлшерлейтін деңгейге жеттік. Қарапайым ғана мысал: таңертең тіс жуып тұрған адамның шүмекті жаппай, суды сарылдатып ағызып қоятын әдеті жиі кездеседі. Бір қарағанда, елеусіз көрінетін бұл әрекет бірнеше минуттың ішінде ондаған литр судың босқа кетуіне себеп болады. Сол сияқты ыдыс жуу, кір жуу, жуыну кезінде де дәл осындай бейқамдық жиі кездеседі. Яғни ағып тұрған суды уақытша тоқтатуға ерінетініміз – суға деген көзқарасымыздың жеңілдеп кеткенінің белгісі.

Ең өкініштісі – осы әдеттің балалардың көз алдында қалыпты нәрсе ретінде қабылдануы. Бала ата-ананың іс-әрекетін қайталайды. Егер ол үйінде суды үнемдеу мәдениетін көрмесе, ертең өзі де сол бейқамдықты жалғастырады. Осылайша суға немқұрайлы қарау бір ұрпақтан екінші ұрпаққа үнсіз көшіп барады.

Жұрт Қазақстанды кең-байтақ, табиғи ресурстарға бай ел деп қабылдайды. Алайда шын мәнінде, еліміз су қоры шектеулі мемлекеттердің қатарына жатады. Қазақстандағы өзен-көлдердің басым бөлігі көрші елдерден бастау алады. Бұл – су қауіпсіздігі тұрғысынан үлкен тәуекел. Халықаралық сарапшылар да Қазақстанды су тапшылығы жоғары елдер қатарында есептейді: Азия елдері арасында Қазақстан су тапшылығы бойынша 8-орында тұр. Яғни су тапшылығы жағынан – «қызыл аймақтамыз». Климаттың өзгеруі, мұздықтардың еріп, азаюы, халық санының өсуі де су тапшылығын жыл сайын күтіп отыр. Сарапшылардың болжамынша, егер бүгіннен бастап су үнемдеу мәдениетін қалыптастырмасақ, алдағы онжылдықтарда ауызсу мәселесі тіпті күрделене түспек. Бұл тек ауылдық аймақтарға ғана емес, ірі қалаларға да қатысты. Әсіресе, Астанада бұл мәселе күн сайын көрнектіленіп келеді.

Елорда – қарқынды дамып жатқан мегаполис. Қала халқы жыл сайын өсіп келеді, жаңа тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар салынуда. Мұның бәрі суды тұтыну көлемінің артуына тікелей әсер етеді. Астанадағы негізгі су көзі шектеулі екенін ескерсек, суды бейберекет пайдалану болашақта күрделі мәселеге айналуы ықтимал.

Қазіргі таңда қалада су есептегіш құралдар орнатылып, тарифтік саясат арқылы үнемдеуге ынталандыру жүргізілуде. Алайда мәселе тек бағада емес. Негізгі түйін – адамдардың санасында. Су үнемдеу – мәжбүрлік емес, өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Сондықтан суды үнемдеуді заңмен ғана емес, тәрбиемен орнықтыру қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, су тапшылығы бар елдер ең алдымен, халықтың экологиялық мәдениетін көтеруге мән береді. Бізге де осы бағытта нақты қадамдар қажет.

Президенттің Жапонияға сапарынан бері елімізде Токиодан үлгі алу мәселесі де жиі айтылып жүр. Дұрыс бастама. Бірақ біз жапондардың қаланы, жолдарды қалай салғанын ғана емес, экологиялық ортаны қорғаудағы, тазалыққа көңіл бөлудегі, әсіресе, су үнемдеудегі мәдениетін де үйренуіміз керек. Мәселен, Жапонияда көп жағдайда ваннадағы су төгілмейді. Оны дәрет шелегін шаюға пайдаланады, душ пен крандарда ағынды азайтатын құрылғылар міндетті түрде орнатылады. Өйткені жапондар үшін «ыңғайлы» болу маңызды емес, дұрыс болу аса маңызды. Сондай-ақ жапондар жаңбыр суын жинап, оны гүл суаруға, дәретхананы шаюға, көшені жууға пайдаланылады. Ал бізде ше? Жаңбыр суын пайдаланбақ түгіл, таза суды үнемдеу мәдениетін әлі қалыптастырған жоқпыз.

Өткенде мәлім бір көлік жуу орнында екі жүргізуші жанжалдасып жатыр. Біреуі шелекке су ағызып қойған екен, шелек толып, су асып төгіліп жатқан соң қасында тұрған жігіт шүмекті тоқтатып қойған екен, соған ашуланған анау «менің ағызып қойған суымды неге тоқтатасың? Шықса менің ақшам шығып жатыр? Сен төлеп жатқан жоқсың, бұл әкеңнің суы ма еді?» деп өрескел мінез көрсетті. Бірінің әдетіне сүйінсем, екіншісінің топастығына таң қалып, қатты қынжылдым. Әрине, су ысырап қылуға қатысты мұндай келеңсіздіктерді көптеп келтіруге болады.

Көлік жуу демекші, Астанада көлік жуатын орындар аз емес. Алайда олардың басым бөлігі әлі күнге дейін суды көп қажет ететін дәстүрлі әдіске сүйеніп келеді. Яғни, көлікті үздіксіз ағып тұрған сумен жуу қалыпты жағдайға айналған. Бір көлікті жууға ондаған, тіпті жүздеген литр су жұмсалатынына ешкім мән бере бермейді. Ал сол су қайта пайдаланылмай, кәрізге ағып кетеді. Бұл – су тапшылығы қаупі бар ел үшін ойланарлық жағдай. Ең сорақысы, кейбір көлік жуу орындарында суды үнемдейтін жабдықтар мен айналымды (қайта қолданылатын) жүйелер мүлде қарастырылмаған. Су есептегіш болғанымен, нақты бақылау әлсіз, суды үнемдеу мәдениеті де табыс табудан кейінгі кезекке ығысып қалғандай.

Ал шын мәнінде, заманауи технологиялар көлікті әлдеқайда аз сумен жууға мүмкіндік береді. Көптеген елдерде көлік жуу орындары су айналымы жүйесін қолданады, яғни пайдаланылған су арнайы сүзгіден өтіп, қайта қолданысқа жіберіледі. Бұл – әрі тиімді, әрі экологияға зияны аз тәсіл. Өкінішке қарай, Астанада мұндай тәжірибе кең тарала қойған жоқ. Қар мен жаңбыр суын пайдаланудың да ауылы алыс. Егер пайдалана білсек, еріген қар мен жаңбыр суын пайдалану – Астана үшін тез жүзеге асыруға болатын нақты мүмкіндік. Жаңбыр суын жинау – техникалық және қаржы жағынан тез енгізілетін, тиімді шешім. Ал қар суын қосымша ресурс ретінде пайдалануға мүмкіндік бар. Қыстай қаншама текше метр қар арнаулы техникамен қаладан сыртқа тасылады. Егер сол қарды күннің көзі түспейтін көлеңке жерге сығымдап (баттап) жинасақ, қаладағы гүлзарларды суаруға, жолдарды жууға немесе жолдың шаңын басу үшін себуге жетіп асар еді. Бірақ қазір оны ешкім ескеріп жатқан жоқ, су үнемдеу, «Таза Қазақстан» деп құр айқайлағанымен, жаңбыр, қар суын қосымша байлық ретінде пайдалануды ешкім ескеріп жатқан жоқ. Яғни біздің елде жаңбыр мен қардың суы да ысырап болып жатыр. Бұл – су тапшылығы бар елдің ең алдымен ескеретін мәселесі.

Қысқасы, Астана үшін су үнемдеу – кейінге қалдыратын мәселе емес, бүгіннен басталатын қажеттілік. Қала халқы өсіп, су тұтыну көлемі артқан сайын әр тамшының бағасы қымбаттай береді. Суды тек шүмектен ағатын ресурс ретінде емес, табиғаттың аманаты ретінде қабылдау қажет. Еріген қар мен жаңбыр суын техникалық мақсатта пайдалану, көлік жуу орындарында айналымды су жүйесін енгізу, тұрмыста суды ысырап етпеу – мұның бәрі ауызсуға түсетін салмақты азайтады. Су үнемдеу, ең алдымен заңмен емес, санамен орнығуы тиіс. Сонда ғана елорда болашағын ойлаған, тіршілік көзін қадірлейтін қалаға айналады.

ОТБАСЫЛЫҚ ТУРИЗМ ЖАНДАНСЫН ДЕСЕК...

Туризм сан салалы, көп арналы. Барлығын түгел қамтып, заманауи үрдістерді ескермесе, еліміздің туризм индустриясы қарыштап қадам баса алмасы анық. Біз сөз еткелі отырған отбасылық туризм, кенжелеп қалған демалыстың бір түрі екенін айту керек.

Айгүл УАЙС

Меніңше, отбасылық туризм қажеттіліктен туындаған. Бүгінгі күнде ата-аналар жыл он екі ай жұмыста, балаларына көңіл бөлуге мұршасы бола бермейді. Сондықтан да көптен күткен демалысы келгенде көптеген отбасылар балаларымен бірге демалып, барынша тиімді өткізуге тырысады.

Бұл отбасындағы өзара түсіністікке, жеке дамуына және денсаулығына да ықпал етеді. Бір апта болса да ата-анасы мен балалары ең жарқын күндерін өткізіп, бір-біріне деген эмоционалдық байланыстарды қалыптастырады. Отбасылық демалыс – балалық шақтағы ең жарқын әрі ұмытылмас естеліктердің бірі. Егер бұл демалысқа атасы мен әжесі қосылса, бұл да тағылымды қауіпсіз демалыс болар еді.

Бірақ, біздің елдегі санаторий, демалыс орындары отбасылық демалысты ескермеген. Бәріне қолайлы, оңтайлы демалыс жоқтың қасы. Ересектер өз алдына, балалар лагерьге, ата-әжелер өз алдына бөлек денсаулығын күтеді. Өкінішке қарай, қазіргі заманғы туристік агенттіктер қалыптастырған және насихаттаған отбасылық саяхаттар да көбіміздің қолайымызға келмейді.

Астананың іргесіндегі саусақпен санарлықтай демалыс орындары мен шипажайлардың бағасы аспанда екенін айтудың қажеті жоқ. Оңтүстіктегі танымал шипажайларға баруға болар еді, бірақ онда да аналардың балаларымен демалысына жағдай жасалмаған. Анасы ем-дом алып жатқанда баланың қайда, қалай уақыт өткізетіні ойластырмаған. Бұл – үлкен кемшілік.

Бұл ретте, шетелдіктер озып тұр. Осы күні бағасының қолжетімдігіне қарай, Вьетнамның жағажайларына асыққан астаналықтардың саны көп. Жаз болса Түркия жағалаулары балалы аналардың да отбасылық туризмнің жағдайын жасап қойған. Астаналықтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды сол жақтан табасыз. Неге ағылып барып жатыр, елімізде балалы ананың жағдайын жасайтын бір жердің табылмағаны ма деп сұрақ қоясың.

Балалы аналар алдымен нені қалайды? Таңдаған жердің қонақ жайында бала күту қызметі көрсетіле ме? Яғни, ата-аналары қажет болғанда балаларын біреуге сеніп қалдыра ала ма? Иә, бала бір мезгіл өзге тетелес құрбыларымен бірге ойнап, арнайы балаларға арналған ойын-сауықшылармен уақыт өткізуді ұнатуы мүмкін. Керек десеңіз, балаға арналған ас мәзірі де болуы шарт.

Отбасылық туризм болған соң ата-аналар мен балалардың бірге уақыт өткізіп, экскурсияларға барып, түрлі ойын-сауыққа да іркілмей қатысуы тиіс. Балаға да ересектерге де тартымдылығын ескерген жөн.

Дегенмен, бұл туристік саланы дамытып, оны алға жылжытып әкетіп, әзірлеуде белгілі бір қиындықтар бар. Туроператорларға салсаң, мұндай туристік өнімді әзірлеуге және енгізуге деген ынтасы мен қызығушылығы жоқ. Бала жүрген жердің өзіндік ерекшеліктеріне сай, оған жағдай жасамасаң, баласыз барғандардың да бабы табылмауы мүмкін. Бұл дегеніміз – балалардың демалысын ұйымдастыруға қажетті тұжырым мен мүмкіндіктің болмауы. Еліміздегі демалыс орындарының ортақ үлкенге де, кішіге де қызықты ойын-сауық қызметтері, арнайы бағдарламалары жоқ деп айтуға болады. Бір жағынан, туристер арасында «отбасылық демалыс мәдениетінің» қалыптаспағандығынан да жас ата-аналардың көпшілігі балаларымен қалай жақсы уақыт өткізудің жолын білмей, үйдегісін түзде көрсетіп, басқаның мазасын алып жататыны да жасырын емес. Мұны да ескеру керек.



Мемлекет тарапынан отбасылық туризмге бет бұрған туристік компанияларды қолдау бар ма, жоқ па, белгісіз. Егер бар болса, ел ішінде отбасылық туристік өнімдерді ілгерілету бойынша насихаты мардымсыз. Көпшіліктің шетелдік турларды таңдауының басты себебі сол, ол жақта жағдайы болатынын біледі.

Қай жағынан алып қарағанда да, «отбасылық туризм» ең тиімді болып табылады. Демалып келген ананың да көңілі жайлы, ел көріп, жер көріп келген бала да өресі өсіп келеді. Келесі демалысты асыға күтіп, келесі турға дайындықты бастап кететін ынтасы пайда болады.

Ал баладан ештеңе аямайтын халық барған жерінде өздерінен гөрі баласына көп ақша жұмсайтындықтан, бұл туризм пайданың да көзі болар еді.

Алайда балалы ата-ананың жағдайын жасамай, қолдағы бар қаражатты шетке жіберіп, отбасылық туризм ақсап, қазақ туризм индустриясы көп нәрсені жоғалтып отыр.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕГЕН ҚАЛАМГЕР

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кітап қаламгердің өмірден өтерінен бір күн бұрын ғана «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Махамбеттің соңғы сөзі» мақаласымен ашылады. Бұл материал жазушының да соңғы сөзіне айналды. «Махамбеттің өршіл үні – тасқын күйлері ғасырдан-ғасырға жетті. Махамбет тірі» деп түйіндейді мақаланы автор. Сол сияқты Табыл Құлыястың артына қалдырған мол мұрасы да оның атын өлтірмейді, ұлт алдындағы еңбегін өшірмейді. Кітапта топтастырылған сұхбаттары, фельетондары мен сатиралық этюдтері, оның шығармалары туралы Әбіш Кекілбайұлы, Әнес Сарай, Дүкенбай Досжан секілді замандастары мен ізбасарларының пікірлері соған айқын дәлел. Филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның Құрметті журналисі Серікқали Байменше мақаласын «Табылтану» деп атады. Сол секілді кітаптың тұсаукесерін де табылтануға қосылған бір үлкен үлес ретінде қабылдадық.

Табыл Құлыястың адами келбеті қандай еді? Белгілі қаламгер, ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбайдың сөзінен өзімізге жақсы таныс жазушының бейнесімен қайта қауышқандай болдық. Тұрсын Құдакелдіұлы алдымен қаламгердің әр нәрсеге сергектігін, адалдығын атап өтті.

«Жас арамыздың алшақтығы біраз болса да, Оралханға, Ақселеуге арқаланып үйреніп қалған басым Табыл ағамен де құрдасындай қалжыңдасушы едім. Өзінің жұмсақ жымиысымен аз ғана жауап беріп, көзімен көп мағына білдіретін. Тәкеңмен сөйлесіп, жарты сағат, жарты күн аралассаң көңілің жеңілдеп қалатын. Ол жанының жылуымен осы жердің бетіндегі Алла тағаланың мейірімімен, ақ пейілімен жаратқан пенде деп есептеймін» деді Тұрсын Жұртбай.

Табыл Құлыястың араласқан ортасы, қаламгерлік еңбегіне тоқталған ол қазақтың тағдырында шешуші орын алған ашаршылық, құғын-сүргін секілді қазақтың қасіретті тарихындағы оқиғалар туралы жазғанын айтты. Артына мол мұра қалдырғанымен қатар жақсы ұрпақ қалдырғанын ерекше атап өтті.

Белгілі ғалым, академик, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы Табыл Құлыястың қазақ баспасөзінің өрлеуіне, Астананың қалыптастауына, тарихымыздың түгенделуіне қосқан үлкен үлесіне тоқталды. Қазақстанның батыс өлкесімен шектесетін Ресейдің Орынбор, Саратов қалалары мен кейбір аудандық архивтерді аралағанын, жазушы, драматург Жиенғали Тілепбергенов жайында тамаша еңбек жазғанын айтты.



Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар» ғылыми кітапханасында белгілі жазушы, сатирик, журналист, архивтанушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен Қазақстан Президенті сыйлығының лауреаты Табыл Құлыястың туғанына 90 жыл толуына арналған «Таңдамалы» (VI том) кітабының тұсаукесері өтті.

Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов қаламгердің ашаршылық қасіретін ашуда шаршамай, талмай ізденгенін атап өтті. Республикалық телерадиода, қазақ телевизиясында қызмет істегенде аталмыш салалардың дамуына, Ақмола, Торғай өңірлерінің тынысын елге таралуына Табыл Құлыястың қосқан еңбегі орасан зор. Бұл жөнінде «Хабар» агенттігі АҚ басқарма төрағасы Кемелбек Ойшыбаев пен Қазақ радиосының ардагері Ғалия Балтабай сөз сабақтады. Әннен шашу шашқан өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай естеліктерді жаңғыртты. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің академиялық



мәселелер жөніндегі проректоры Ардақ Бейсенбай аталмыш оқу орнының басқарма төрағасы-ректоры Ерлан Сыдықовтың лебізін оқып берді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов Табыл Құлыястың сатиралық еңбектері жайында, жалпы сатира жанрының әдебиетке, қоғамның алға ілгерілеуіне әсері мол екенін айта келе, «Жиембет батыр» және «Аңыз ізімен» романдарына тоқталды. «Қанжоса ғасыр», «Қаратерең» атты кітаптарының қазақ тарихы үшін құндылығы туралы айтты.

Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик, Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев тұлғатану төңірегінде сөз қозғап, Табыл Құлыяс та тұғырлы тұлғалар қатарынан ойып орын алатынына назар аударды. Тұлға қалыптастыруда тағылымды, ұлттық тәрбиеге толы еңбектердің алар орны ерекше екендігіне екпін түсіре айтты.

«Табыл ағамыздың роман, новелла, әңгімелерін оқығанда ойға оралатын бірінші нәрсе – оның шығармаларындағы ұлттық құндылықтар мәселелері. Қазіргі таңда өскелең ұрпақты өз халқының тарихы мен тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адами қасиетті тереңнен түсіне алатын шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеуде жазушы жазған кітаптардың рөлі зор. Елімізде парасатты да білікті, мәдениетті де білімді сапалы ұлт қалыптастырамыз десек, жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Осындай асыл мұраттарға қол жеткізуде Табыл Құлыяс ағамыздың шығармашылық еңбектері кәдеге жарайды және 6 томдық еңбекті оқып шыққан әр оқырман ұлттық құндылықтарға баулитын қажетті дүниені тауып алатынына сенімдімін» Кәрімбек Құрманәлиев.

Тұсауы кесілген қаламгердің «Таңдамалы» кітабы «Фолиант» баспасынан жарық көрді. Бұл баспаның бас директоры Нұрлан Исабеков Табыл Құлыяспен өмірде жақсы араласып, сапарлас та болды. Ол өз сөзінде біраз естеліктерді айтты.

Іс-шара онлайн форматта да ұйымдастырылды. Алматыдан қосылған көрнекті ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып жазушының сатираға, журналистикаға, деректі прозаға қосқан үлкен үлесіне тоқталды.

«Табыл Құлыястың сатирасы, әсіресе фельетондары ерекше. Қазіргі журналистерді, болашақ сатириктерде тәрбиелеуде бұл шығармаларға қайта-қайта оралып отыруымыз керек. Сосын жазушы ашаршылық мәселесіне көп барып, Орск, Орынбор, Барнаул, басқа да біраз қалалардың архивтерін аралады. Ашаршылыққа байланысты тарихшылар таппаған деректерді тауып, ашаршылықтың 1918, 1922, 1928, 1932 жылдары болғанын нақты деректермен көрсетті. Қолдан жасалған ашаршылық екенін айтты» деді Бауыржан Жақып.

Естеліктер легін белгілі қаламгер, журналистика ардагері Сырым Бақтыгереев, белгілі жазушылар, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары Толымбек Әбдірайым мен Асқар Алтай жалғады. Танымал ғалым, филология ғылымдарының докторы Қайрат Сақ Табыл Құлыяс бір институт атқаратын істі бір өзі атқарып кеткенін айта келе, қаламгерді ғалым ретінде мойындайтынын, оның ғылыми қырларына тоқталды. Филология факультетінің студенттері Аружан Бақберген, Ақбота Ерғалиқызы Табыл Құлыястың өлеңдерін оқыды.

Табыл Құлыяс туған жері – Ойыл ауданының құрметті азаматы. Ел сәлемі мен аталмыш аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың лебізін жеткізген аудандық мәдениет, ішкі саясат, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Гүлзат Жеткергенқызы аудан басшылығы қаламгер кітабын сатып алуға 500 мың теңге бөлгені жөнінде сертификат тапсырды.

Жиын барысында жазушы еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылды. Аталмыш кітапханада «Табыл Құлыяс қорының» ашылу салтанаты өтіп, кітаптары сыйға тартылды. Бұл еңбектерді ғылыми кітапхана директоры Бақытжан Оразалиев қабылдап алып, жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орнына тоқталды.

Жазушы өмірден өтерінен аз ғана жыл бұрын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді. Бұған Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының сол кездегі директоры, белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлының септігі тиді. Ақын да қаламгер туралы жылы естеліктерді жаңғыртты. Қаламгердің жерлестері де сөз сөйледі. Іс-шараны түйіндеген жазушының жары Күләш Маханова тұсаукесерді ұйымдастырушылар мен жиналған қауымға алғыс айтты.

МҰҚАҒАЛИ РУХЫМЕН СЫРЛАСҚАН КҮН

«Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?!» деп жырлаған қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ұлт ақыны Мұқағали Мақатаевтың 9 ақпан күні келген туған күнін бүкіл алаш баласы атап өтіп жатыр.

Шапағат ӘБДІР

Осыған орай ел көлемінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сол рухани кештердің бірі елордадағы «Орталық балалар және жасөспірімдер» кітапханасында өтті.

Ақынның мәңгілік мұрасын ұлықтауға арналған «Жырлайды жүрек» атты поэзия күніне Сарыарқа ауданы полиция қызметкерлері, мектеп оқушылары, ұстаздар қауымы және кітапсүйер қауым жиналды.

Поэзия күні ақынның өмірі мен шығармашылық жолына арналған бейнероликпен басталды. Кеш барысында ақын сөзіне жазылған әндер шырқалып, оның жүрекке жетер лирикалық өлеңдері оқылды. Балғын жастан Мұқағали жырын жаттап өскен оқушылар тек ақын өлеңдерін оқып қана қоймай, өздері арнаған арнау жырларын да тарту етті.

Іс-шара аясында кітапхана залында арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Мұқағали Мақатаевтың өлеңдер жинақтары, поэмалары, ақын жайлы зерттеу еңбектері мен естелік кітаптар қойылған. Келушілер көрме арқылы ақын шығармашылығымен тереңірек танысып, өздеріне қажетті әдебиеттерді парақтауға мүмкіндік алды.

– Мұқағали – жас-кәрі деп оқырман талғамайтын ақын. Оның жырын бала да, қария да оқыса, рухани ләззат алады. Тіпті оның есімі «ақын» деген сөздің баламасына айналып кеткендей әсер қалдырады. Сондықтан бүгін өзімнің 6-7 жас шамасындағы оқушыларымды ертіп келдім. Олар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып жатыр. Бір қызығы, балалар бұл өлеңдерді жаттағанда қиналмайды. Мүмкін, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» нағыз поэзия деген осы болса керек, – дейді Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Құмаргүл Шәбкенова.



Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің дирижері, күйші-композитор, Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов Мұқағали Мақатаев қазақтың күйін жақсы көргенін, күй тыңдау үшін Уәли Бекеновке келіп тұрғанын айтты. Сонда Уәли күйші ақынның күйге құрметіне, осы өнерге құштарлығына риза болып, «Күй аңсаған» атты күйді арнаған екен. Нұрлан Алданышбайұлы осы күйді жиналғандарға тартып берді.

Кеш соңында белсенді қатысқан оқушылар мен қонақтарға алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табысталды.





МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚ

«Қазақ жырының Хантәңірі» атанған ақиық ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұқағали Мақатаевтың туған күні жалпыұлттық мерекеге айналды. Жыл сайын 9 ақпанда, жалпы осы ай бойы оның құрметіне түрлі іс-шара өтіп жатады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Биыл, тіпті ерекше, себебі ақынның туғанына 95 жыл толды. Елордада М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия бар. Осы оқу ордасында Астана қаласы Білім басқармасы мен қалалық Әдістемелік орталықтың және аталмыш мектептің ұйымдастыруымен ақынның мерейтойына орай «Поэзия – әлеуметтік-эмоциялық оқытудың құралы» атты республикалық әдістемелік семинар өтті.

Іс-шараға ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев пен келіні Бақытгүл Айдарова арнайы келіп қатысты. Семинардың мақсаты – поэзия мен көркем шығармалар арқылы жас ұрпақтың эмпатиясын, әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдерді ортаға салу арқылы педагогтердің әлеуетін арттыру. Соның аясында Мұқағали Мақатаев шығармаларындағы адамгершілік құндылықтарды оқу үдерісіне енгізу жолдары ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерделенді.

Қатысушылар алдымен «Мұқағали әлемі» атты оқушылар көрмесі мен мектептегі ақын музейін тамашалады. Оқушылар қазақ және ағылшын тілдерінде ақынның өлеңдерін жатқа оқып, қонақтарды тәнті етті. Олардың арасында «Махаңдар сарқытының» мерейтойына орай оның 95 өлеңін жаттаған Асқар есімді оқушы да болды.

Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсима Бимендина бұл іс-шараның үлкен мән-маңызына тоқталды.

«Лирикалық сезім әр адамның көңілінде болса, ісі де алға басады деп ойлаймын. Оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтып отыр, бұл жағдайдың баланың ертеңгі дамуына қосатын үлесі мол болады. Қазіргі балаларға қарапайым тілдесу, жылылық жетіспейді. Себебі интернет заманында телефонға телмірген балалар сөйлесуден қалып барады. Мұқағали сияқты ақынның мұрасын ұрпақ жаттаса, білсе, мемлекетіміздің дамуында да, елдің болашағында да жақсылықтар болады» деді Әсима Темкеқызы.


Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Амангелдиева Мұқағалиды ұлықтау бір күнге ғана емес, бір аптаға да созылса артық етпейтінін айта келе, мектептерге тұлғалардың есімдерін берудің тәрбиелік мәні туралы сөз сабақтады.

«Мұқағали Мақатаев есімін мектепке берілуін біраз жыл күтіп едік. Сол іске асқанда біз үшін үлкен қуаныш болды. Жалпы қазір елордада 123 мемлекеттік мектеп болса, соның 60-тан астамы тұлғалардың есімімен аталады. Барлық мектептер солай аталса, жаман болмайды деп ойлаймын. Осы мектепке келгенде, өскелең ұрпақ Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін бойына сіңіріп, жатқа біліп, оқып тұрса болашағымыз жарқын болады. Ақынның әр өлеңі бәрімізге өнеге, келешекке рухани азық» деді Асыл Амангелдіқызы.

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Әділ Ахметов Мұқағали мерейтойына орай елордада көптеген іс-шара өтіп жатқанын айта келе, осы мектептің ағылшын тілінде таза, мүдірмей оқуларына, мұғалімдер еңбегіне жоғары бағасын берді. 2015 жылы Мұқағали Мақатаев пен Бердібек Соқпақбаевтың кітаптары ағылшын тіліне аударылып, Нью-Йорк қаласында жарық көрді. Әділ Құрманжанұлы сол кітаптарға маман ретінде берген бағасын жариялады.

«Мұқағалидың поэзиясы – адамды тазартатын поэзия. Оның өлеңдері оқушылардың рухын көтереді» деді ғалым.

Семинар барысында «Көркемсөз арқылы білім сапасын арттыру және пәнаралық байланыс», «Поэзияны оқытудағы ЖИ мүмкіндіктері» және «Поэзия арқылы оқыту: құндылық бағдар мен шығармашылық қабілетті дамытудың инновациялық тәсілі» атты үш бағытта мәселелер ортаға салынды. Іс-шара «Қазақ поэзиясының Хантәңірі – Мұқағали» атты әдеби-сазды қойылымға ұласты.



ЕЛОРДАЛЫҚ БОКСШЫЛАР ЕРЛЕДІ

Испанияның Ла-Нусия қаласында өткен Boxam Elite халықаралық турнирінде Қазақстанның ерлер құрамасы жоғары нәтиже көрсетті.

Ұлттық құрама қоржынына 5 алтын, 3 күміс және 4 қола медаль түсті. Олардың қатарында ел намысын қорғаған елордалық былғары қолғап шеберлері де жеңіс тұғырынан көрінді.

Атап айтқанда, үш спортшымыз алтын медаль иеленді. Олар: Санжар Ташкенбай (50 кг), Нұрбек Оралбай (85 кг) және Айбек Оралбай (+90 кг). Ал Тимур Нұрсейітов (75 кг) қола жүлдегер атанды.

Биыл 40-рет ұйымдастырылған дәстүрлі турнирде Қазақстан, Украина және Англия құрамалары ең беделді қатысушылардың қатарында болды.

ТАЕКВОНДОДАН ТОП ЖАРДЫ

Түркістан облысында таеквондодан (WT) жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Шапағат ӘБДІР

Республикалық додаға еліміздің 17 облысы мен 3 қаласынан 700-ге жуық спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша Астана қаласының спортшылары жоғары нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, 44 кг салмақта елорда спортшысы Айым Серікбаева алтын медаль жеңіп алды; 52 кг салмақта астаналық Шералы Элеонора да қарсыластарынан басым түсіп, алтын жүлдегер атанды; 59 кг салмақ дәрежесінде Әділ Тілеубай қола медаль иеленді.

Айта кетейік, Астана қаласының спортшылары Шералы Элеонора (-52 кг) мен Айым Серікбаева (-44 кг) 17-21 сәуір күндері Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өтетін жастар арасындағы әлем чемпионатында да ел намысын қорғайтын болады.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №16

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ